

## ПОСТКЕҢЕСТІК КЕҢІСТІКТЕГІ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР: ПЕРСПЕКТИВАЛАР ЖӘНЕ ПРОБЛЕМАЛАР

Сулейменова Нургуль Аблаевна

[Nurgul.29.09.00@mail.ru](mailto:Nurgul.29.09.00@mail.ru)

Халықаралық қатынастар факультетінің «Халықаралық қатынастар»  
кафедрасының 3 курс студенті,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Қазіргі таңда жаһандану үдерісі кең ауқым алды. Ол әлемдік экономика мен саясатты қамти отырып, посткеңестік кеңістік мемлекеттерінің дамуы мен олардың интеграциясына әсер етуде. 1991 жылы КСРО-ның ыдырауы, әлемде жаңа геосаяси жағдайдың туындауына алып келді. 15 тәуелсіз мемлекетке айналған бұрынғы Кеңес мемлекеттері өздерінің тәуелсіздігін алып, өзіндік жеке сыртқы саясат жүргізіп бастады. Ең алдымен посткеңестік кеңістік ұғымына анықтама берсек. Жалпы посткеңестік кеңістік мемлекеттері географиялық және мәдени факторларға қарай 5 топқа бөлінеді, олар:

- ✓ Ресей Федерациясы;
- ✓ **Балтық жағалауы елдері:** Латвия, Литва, Эстония;
- ✓ **Шығыс Еуропа:** Белоруссия, Молдавия, Украина;
- ✓ **Кавказ елдері:** Әзірбайжан, Армения, Грузия;
- ✓ **Орталық Азия:** Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан, Өзбекстан.

КСРО-ның ыдырауы, саяси тұрғыда толық жетілмеген мемлекеттердің тәуелсіздік алуы, мемлекеттерді сыртқы саяси байланыстарды құру, экономикалық өндіріс, ішкі саяси құрылысты қалыптастыру тәрізді бірнеше мәселелерге әкеліп соқты. Сонымен қатар посткеңестік кеңістік мемлекеттері ортақ тарихқа, мәдениетке және салт-дәстүрге ие. Осы факторлардың барлығы посткеңестік кеңістік республикаларын интеграциялық үдерістерге итермеледі.

Жоғарыда аталған факторларға қосатын тағы бір фактор бұл жаңа тәуелсіз мемлекеттердің интеграцияға деген ұмтылысы. Кеңістік мемлекеттері үшін аймақ көлемінде интеграция тиімді болып табылады, себебі, бұрыннан қалыптасқан экономикалық, мәдени және саяси байланыстарды интеграция мақсатында пайдалану мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар айта кетерлік жайт, бұл посткеңестік кеңістіктің – 270 млн. астам адам тұратын және жаһандық ЖІӨ-нің 5% - ға жуығы өндірілетін ірі және перспективалы әлемдік нарықтардың бірі екендігі. Посткеңестік кеңістік елдерінеі: әлемдік құрлықтың – шамамен 17%, барлық орман екпелерінің – 21%, тұщы су қорының – 11%, табиғи газ және көмір – 30%-

дан, мұнайдың – 10-12%, уранның – 36%, алтын, мырыш және қорғасын – 20%-дан, никель, мыс, молибден – 10-12%-дан [1].

1991 жылы 8 желтоқсанда РКФСР, Беларусь және Украина мемлекеттерінің басшыларымен КСРО-ның хылықаралық құқық субъекті ретінде өмір сүруін тоқтататын және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы Беловеж келісіміне қол қойылды [2]. Осы сәттен бастап посткеңестік кеңістікте түрлі интеграциялық ұйымдар құрыла бастады.

Жалпы интеграциялық үдерістердің жүруіне немесе керісінше тоқтатылып дезинтеграцияның басталуына бірнеше факторлар әсер етеді. Осы факторларды SWOT-талдау түрінде көрсететін болсақ:

*Кесте-1. Посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық үдерістерге SWOT-талдау*

S(күшті тұстар)	W(әлсіз тұстар)
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Басқа аймақтармен салыстырғанда бәсекелестік артықшылықтар</li> <li>2. Жеткілікті жоғарғы ғылыми-технологиялық әлеуеттің сақталуы</li> <li>3. Өзара іс-қимылды реттейтін, институттардың ортақ жүйесі</li> <li>4. Білікті арзан жұмыс күші</li> <li>5. Аймақтық интеграцияның көптүрлілігі</li> <li>6. Тілдер барьерының жоқтығы</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Елдердің дезинтеграциялы саясаты</li> <li>2. Сыртқы ориентирлардың әртүрлілігі</li> <li>3. Экономикалық дамудың түрлі деңгейі</li> <li>4. Электроэнергия, су салаларындағы күрделі проблемалар</li> <li>5. Отын-энергетика кешені саласында келіспеушіліктер</li> <li>6. Билік институттарының төмен сапасы</li> <li>7. Нарыққа кірудің жоғары барьерлары</li> <li>8. Өнеркәсіптің көптеген салаларының технологиялық артта қалуы</li> <li>9. Интеграциялық процестерді реттеудің ұлттықтан жоғары құрылымдарының қалыптаспауы</li> </ol>
O(мүмкіндіктер)	T(қауіптер)
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ресурстарға қолжетімділік арқасында елдердің интенсивті экономикалық дамуы</li> <li>2. Капитал, ресурс, жұмыс күшінің еркін қозғалуына кедергі барьерлардың жойылуы</li> <li>3. Елдердің халықаралық бәсекелестігінің артуы</li> <li>4. Саяси және экономикалық салаларда байланыстардың кеңеюі</li> <li>5. Еуропалық интеграция тәжірибесінің таратылуы</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Табиғи шикізат өнімдеріне әлемдік сұраныстың төмендеуі</li> <li>2. Өндірістердің шетелдік компаниялармен жаулап алынуы</li> <li>3. Геосаяси қауіп</li> <li>4. Капиталдың кетуі</li> <li>5. Елдер арасындағы әлеуметтік айырмашылықтың артуы</li> </ol>

### **Қорытынды (11+,14-)**

SWOT-талдаудың нәтижесінде мынандай қорытындыға келдік. Жедел әлеуметтік-экономикалық дамуға мүдделі посткеңестік елдер өздерінің интеграциялық мүмкіндіктерін өңірлік аспектіде ұлттық экономикалар ауқымының шегінде іске асыруға қабілетті. Посткеңестік елдердің маңызды ерекшелігі олардың өзара тәуелділігі болып табылады. XX ғасырдың аяғындағы ыдырау процестері, кеңес елдерінің үшінші елдермен сыртқы экономикалық байланыстарының мүмкіндіктерін кеңейтіп, олардың экспорттық жеткізілімдерінің құрылымына айқын шикізаттық сипат берді. Жаһандық экономикада ТМД, ЕурАзЭҚ, КО қатысушы елдер дәстүрлі түрде отын мен шикізат өндірісіне маманданады. Бұл жағдай ұзақ уақыт бойы әлемдік экономика орталықтары арасында Болашақ орнын сақтауға

кепілдік бере алмайды, бұл отын-шикізат тобының тауарларына сыртқы сұраныс әлемдік конъюнктураның өзгеруіне және әлем елдері жүргізетін энергия мен материалды үнемдеу саясатына және энергия мен материалдардың альтернативті түрлеріне көшуге байланысты.

Осылайша SWOT-талдау барысында интеграцияның жағымды және жағымсыз тұстарын көрдік. Ендігі кезекте интеграцияға ұмтылушы мемлекеттердің ұқсас тұстары туралы сөз қозғасак. ХХІ ғасырдың басынан бастап, посткеңестік кеңістіктегі интеграцияның негізгі инициаторлары Ресей Федерациясы, Беларусь және Қазақстан болып табылады. 2007 жылы қазанда үш ел арасында Бірыңғай кедендік аумақ құру және Кедендік одақ құру туралы шартқа қол қойылды, оны қалыптастыру жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді. Содан кейін Тараптар Кеден одағының құқықтық базасын қалыптастыруға кірісті – атап айтқанда, 2009 жылы РФ, Беларусь және Қазақстан мемлекет және үкімет басшылары деңгейінде Кеден Одағының нормативтік-құқықтық негізін құрайтын 40-қа жуық халықаралық шарттар қабылданды.

Сонымен қатар, 2010 жылы 9 желтоқсанда Мәскеуде Кеден одағы құрылғаннан кейін РФ, Беларусь және Қазақстан президенттері үш елдің Бірыңғай экономикалық кеңістігін (БЭК) құру туралы Декларацияға, сондай-ақ оны құру үшін қажетті барлық құжаттарға қол қойды, олар 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді.

Сурет-1. Посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық бірлестіктер [3]



Осылайша посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық үрдістерге әсер ететін жағымды және жағымсыз факторлар, ұқсас және ерекше тұстары туралы айтып өттік. Жоғарыда қарастырылған мәселелер бойынша, посткеңестік кеңістікте интеграциялық үдерістерге қолайлы жағдай жасалған, және интеграция жоғары деңгейде жүреді деуге болады. Алайда, посткеңестік кеңістікте дезинтеграцияның жүруіне де әсер ететін факторлар жетерлік.

Жоғарыда айтып кеткендей, посткеңестік кеңістік бұл КСРО-ның ыдырауынан пайда болған, 15 тәуелсіз мемлекеттің территориясы. Бұл аймақта түрлі халықтар, этностар, діндер мен мәдениеттер түйіскен. Нақтырақ айтатын болсақ аймақтың конфессиялық құрамы – христиан, ислам және буддизм діндерінен құралады, ал этностарға келетін болсақ, аймақта орыс, украин, беларусь, грузин, шешен, армян, әзірбайжан, қазақ, түрік, қырғыз, өзбек және

тағы басқа ұлттар өмір сүреді. Қазіргі таңда аймақта 298 млн. халық тұрады, оның жартысына жуығы этникалық орыстар, ал қалған бөлігі орыс тілің жетік білетін билингвтар болып табылады [4].

Осындай ұлттардың көпшілігі жиналған аймақта этносаралық қақтығыстардың орын алуы жиі болып тұрады. Жалпы аймақтағы этносаралық қақтығыстарды коннект-талдау ретінде көрсететін болсақ, мынандай сурет қалыптасады;

Жалпы, нақ осы интеграцияға ұмтылысқа қатысты посткеңестік кеңістік мемлекеттерінің басшыларының саяси жолдауларына назар аударсақ, бірнеше жағдайларға мән беруге болады. Осы мақсатта, біз В.В. Путиннің Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі 5 жолдауына, А.Г. Лукошенконың Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі 2 жолдауына, Армения президенті С. Саргсян мен Премьер-министр Н. Пашинянның Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі 2 жолдауына және Қ.К. Тоқаевтың Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестегі жолдауына контент-талдау жасадық.

Контент-талдаудың барысында мынандай нәтижелерге қол жеткіздік:

*Кесте-3*

Экономика	130
Одақ	107
Біз, біздің	88
ЕАЭС, Евразэс	75
Интеграция	70
Ортақ, бірге	62
Даму	45
Нарық	41
Серіктестік	36
Сауда	31
Ортақ жобалар	28
Қызығушылықтар	18
Саяси	16
Еркін қозғалыс	13
Ұлтүсті	4

Жасалған контент-талдаудың барысында, Еуразиялық интеграция қазіргі кезде және алдағы 10 жыл көлемінде тек қана экономикалық сипатта болатынын байқауға болады. Себебі, басты назар, Еуразиялық экономикалық одаққа, нарық, сауда мәселелеріне аударылған. Талдау барысында экономика сөзі 130 рет, ал еркін қозғалыс, ұлтүсті сөздері бар-жоғы 13,4 реттен ғана кездескен. Осыған қарап посткеңестік мемлекет басшыларының қазіргі перспективасында интеграцияның саяси жағы қарастырылмағандығын айта аламыз.

Негізінен, қазіргі кезде посткеңестік кеңістік аумағында бірнеше интеграциялық бірлестіктер бар. Алайда, оның көпшілігі тек экономикалық сипатта. Мысалы, Еуразиялық экономикалық одақ, ГУАМ және тағы басқалары.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы туралы айтатын болсақ, ТМД – КСРО ыдырағаннан кейін мемлекеттерді байланыстырушы ұйым ретінде құрылды. Бүгінгі таңда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы – бұл мүше мемлекеттердің мүдделерін жақындастыруға және келісуге мүмкіндік беретін саяси клуб, шамалы дәрежеде – қорғаныс альянсы және өте аз деңгейде тиімді экономикалық қауымдастық. Алайда бұл толық дәрежедегі интеграциялық бірлестік деп айта алмаймыз.

Осылайша, зерттеудің нәтижесінде мынандай қорытынды жасауға болады. Посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық үдерістер қазіргі кезге дейін тек мемлекеттердің экономикалық әл-ауқатын сақтау мақсатында жүргізіліп отырды. Оған дәлел ретінде 1 суретте көрсетілген интеграциялық бірлестіктерді айтсақ болады. Көрсетілген интеграциялық ұйымдардың көпшілігі экономикалық басымдыққа ие, сонымен қатар, жасалған контент талдауды атап кетсек болады.

Иә, әрине, посткеңестік кеңістікте интеграциялық үдерістерге жағымды тұстар көп. Мысалы, бұл ортақ тарих, ортақ мәдени құндылықтар, ортақ мәдениет және де бір одақ құрамында болуы салдарынан туындаған ортақ тіл. Осының барлығы интеграцияға жағымды түрде әсер етеді. Алайда, шешімін таппаған мәселелер интеграцияның кері бағытта жүруіне әсер етеді. Бұл ретте, аймақтағы территориялық даулар, этникалық шиеленістер, экологиялық мәселелерді атасақ болады. Мысал ретінде, жоғарыда айтылған Еуропалық Одақтың Жерорта теңізіне қарай кеңеюі туралы айтсақ. ЕО өз құрамына Португалия, Испания және Грекияны қосардан бұрын, осы 3 мемлекет ішіндегі саяси ахуалды реттеп, қалпына келтіргеннен кейін ғана, Одаққа қосу туралы шартқа қол қойған.

Дәл осы тәрізді, посткеңестік кеңістікте де, кезең-кезең бойынша өзекті мәселелерді шешіп, кейін ғана саяси интеграцияға қадам басуға болады. Ол үшін аймақ мемлекеттері біріге отырып, өзекті мәселелерді шешуі қажет. Мысалы, Таулы Карабахтағы жағдай, 2020 жылдың маусым айында жылдар бойы қатулы күйде тұрған шиеленіс өршіп, екінші Таулы Карабах соғысына алып келді. Қараша айында біріккен іс-әрекеттер нәтижесінде отты тоқтату туралы келісімге қол қойылды. Алайда, Таулы Карабахтағы жағдай толық шешімін тапқан жоқ.

Осы тәрізді мәселелерді шешу үшін, тараптар ортақ ымыраға келіп, бір-бірлеріне жеңілдіктер жасай білуі тиіс.

Сонымен қатар, қазіргі таңда аймақтағы мемлекет басшылары үшін саяси интеграция перспективті болып тұрған жоқ. Бұл да интеграцияның тежелуіне соғып тұрған тағы бір фактор.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Спартак А. Современный регионализм // МЭиМО. – 2011. – №1. - С.3
- 2.Толочко А.В., Бурдаков Д.В. ИНТЕГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ НА ПОСТСОВЕТСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ (НА ПРИМЕРЕ ЕВРАЗИЙСКОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОЮЗА). Проблемы постсоветского пространства. 2016;(1):55-59.
- 3.[https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D0%BE%D1%81%D1%82%D1%81%D0%BE%D0%B2%D0%B5%D1%82%D1%81%D0%BA%D0%BE%D0%B5\\_%D0%BF%D1%80%D0%BE%D1%81%D1%82%D1%80%D0%B0%D0%BD%D1%81%D1%82%D0%B2%D0%BE](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D0%BE%D1%81%D1%82%D1%81%D0%BE%D0%B2%D0%B5%D1%82%D1%81%D0%BA%D0%BE%D0%B5_%D0%BF%D1%80%D0%BE%D1%81%D1%82%D1%80%D0%B0%D0%BD%D1%81%D1%82%D0%B2%D0%BE)
- 4.М.Б. Денисенко, Р.В. Дмитриева, В.В. Елизарова. ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ПОСТСОВЕТСКОГО ПРОСТРАНСТВА// М., Экономический факультет МГУ имени М. В. Ломоносова, 2018, 368 с.